

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген // <https://online.zakon.kz/Document/?>. 17.04.2023.
3. Elubaj E. Zhappaj ashıyq onlajn kurstary arqıly bolashaq pedagogtiń cıfrlyq qızıyrettiligin qalıptastyru. PhD dárezhesin alu yshin dajyndalzan diss. – Almaty, 2023. – 166 b.
4. Soldatova G.U., Shlyapnikov V.N. Cifrovaya kompetentnost' rossijskih pedagogov // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. 2015. T. 20, № 4. C. 5-18.
5. Yachina N.P. Razvitie cifrovoj kompetentnosti budushchego pedagoga v obrazovatel'nom prostranstve VUZA. Vestnik VGU. Seriya «Problemy vysshego obrazovaniya». №1, 2018.
6. Ershov A.P. Informatizaciya: ot komp'yuternoj gramotnosti uchashchihsya k informacionnoj kul'ture obshchestva// Kommunist. / M., – 1988, №2.
7. Bidajbekov E. Bilimdi cıfrlandyru – uaqyt talaby. «Egemen Qazaqstan» gazetı. – Almaty, 2023.
8. Bitem E., Sharp R. Pedagogikany cıfrlyq dıurde qajta zerdeleu. HHI zasyrdaıy oqytu dizajny [Mətin] / aud. Omarova S.K. «Yltıyq audarma byurosı» qozamdyq qory. – Almaty, 2019. – 328 b.
9. Goncharuk N.P. Integraciya pedagogicheskikh i informacionnyh tekhnologij v obrazovatel'nom processe / N.P. Goncharuk, E.I. Hromova // Kazanskij pedagogicheskij zhurnal. – 2018. – №4. – S. 32–37.
10. Sholpanqılova G.K., Ermekova M. Bolashaq pedagog-psihologtardıń cıfrlyq qızıyrettiliginıń qırlymy zhəne mazmıny // Abaj atynday QYPU. Habarshy «Pedagogikalıq ılymdar seriyasy» seriyasy №1 (77) 2023.
11. Bajmenova B.S., Gabdullina K.M. Cıfrlyq bilim beru ortasynda bolashaq pedagog-psihologtardıń dayarlau ereksheıigi // L.N.Gumilev atynday Euraziya yltıyq universitetiniń Habarshysy. Pedagogika.Psihologiya.Əleumettanu seriyasy. – №4 (141) – 2022.
12. Shekerbekova Sh.T., Baqytbekova Zh.B. Cıfrlyq qızıyrettilik informatika mızaliminiń kəsibi dazdylarynyń biri retinde. Abaj atynday QYPU. Habarshy «Fizika –matematika ılymdary» seriyasy №4 (84) 2023.
13. Spiridonova Yu.S. «Ponyatie i struktura cifrovoj kompetentnosti budushchih pedagogov». Zhurnal «Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya». – 2023.

МРНТИ 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.023>

К.М.Метербаева, *¹  А.Т.Искакова, ²  Г.З.Таубаева, ²  А.М.Байкулова¹ 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Бұл мақала мазмұнында студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру дағы педагогикалық мәселелер туралы қарастырылады. Зерттеу сипатында студенттер арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі субъективті идеяларын жүзеге асыруға болатын жәйттар көрсетіліп, студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік теориялық зерттеулер мен эксперименттік жұмыс жүргізіліп оның нақты нәтижелері сипатталады. Отбасылық құндылықтар, олардың түрлерінің маңыздылығы қарастырылады. Студенттердің адамгершілік сана-сезімін арттыру, отбасы құндылық ретінде түсіну, отбасылық қарым-қатынас, жанұядағы жанжалдарды бақылау, отбасында шешім қабылдауға белсенді қатысу үшін әдістер қолданылды. Теориялық тұрғыдан мазмұнды талдау, синтез, жинақтау, тексеру, диагностика және т.б. Жоғарыда айтылғандардың негізінде М. Рокичтің «Құндылықты бағдарлау» әдістемесін қолданудың тиімділігі көрсетіледі. Сонымен бірге, отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде ұйымдастырылған экспериментте отбасылық құндылықтардың қалыптасуының пайыздық көрсеткішін ұсынып отырмыз. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы отбасылық құндылықтардың өзгеру тенденциялары анықталды.

Түйін сөздер: құндылықтар, отбасылық құндылықтар, мәдени қарым-қатынас, даралық, типология, әлеуметтік-мәдени.

Метербаева К.М.,^{1*}  Исакова А.Т.,²  Таубаева Г.З.,²  Байкулова А.М.¹ 

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические вопросы формирования семейных ценностей студентов. В характере исследования показаны основные субъективные представления о формировании семейных ценностей у студентов, проведены учебно-методические теоретические исследования и экспериментальная работа по формированию семейных ценностей у студентов и их конкретные результаты. описаны. Рассмотрено значение семейных ценностей и их виды. Были использованы методы повышения нравственного сознания студентов, понимания семьи как ценности, семейных отношений, контроля семейных конфликтов, активного участия в принятии семейных решений. Теоретически контент-анализ, синтез, компиляция, верификация, диагностика и т.д. На основании вышеизложенного продемонстрирована эффективность использования методики Рокича «Ценностная ориентация». При этом мы приводим процент сформированности семейных ценностей в эксперименте, организованном на основе измерений и показателей формирования семейных ценностей. Кроме того, определены тенденции изменения семейных ценностей в современном обществе.

Ключевые слова: ценности, семейные ценности, культурные связи, индивидуальность, типология, социокультурные

Meterbayeva K.,^{*1}  Ickakova A.,²  Taubayeva G. ²  Baikulova A.¹ 

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL PROBLEMS OF FORMATION OF STUDENTS' FAMILY VALUES

Abstract

This is the content of the article Pedagogical issues of formation of family values of students are considered. The nature of the study shows the main subjective ideas about the formation of family values among students, educational and methodological theoretical research and experimental work on the formation of family values among students and their specific results were carried out. described. The importance of family values and their types is considered. Methods were used to increase the moral consciousness of students, understanding the family as a value, family relationships, control of family conflicts, and active participation in family decision-making. Theoretically, content analysis, synthesis, compilation, verification, diagnostics, etc. Based on the above, the effectiveness of using Rokeach's "Value Orientation" methodology has been demonstrated. At the same time, we present the percentage of formation of family values in an experiment organized on the basis of measurements and indicators of the formation of family values. In addition, trends in changes in family values in modern society have been identified.

Keywords: values, family values, cultural connections, individuality, typology, sociocultural

Қысқашты. Қоғамдағы тұрақты әлеуметтік құрылымның негізі – отбасы. Қазіргі қоғамда отбасы құндылықтары жастардың тұлғалық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Яғни, ол жеке тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан да студенттердің отбасылық құндылықтарға деген көзқарасын дұрыс қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Себебі, бұл мәселе олардың болашақта табысты болуына, тұрақты отбасын құруына, жауапкершілікті сезінуіне және адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Осыған орай, отбасын және оның құндылықтарын ғылыми тұрғыдан зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Алайда, жаһандану және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы отбасылық қарым-қатынастарға ықпал етіп, дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуіне әкелуде. Атап айтсақ, қоғамдық өзгерістер мен жаһандану – батыстық мәдениеттің әсері, отбасы моделінің өзгеруі. Медиа және әлеуметтік желілердің ықпалы – дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұрмалайтын ақпараттардың көбеюі. Отбасылық тәрбиенің әлсіздігі – ата-ананың балаларына жеткілікті уақыт бөлмеуі, құндылықтарды дұрыс насихаттамауы. Материалдық факторлар – экономикалық қиындықтар жастардың тұрақты табысқа

ұмтылуы отбасын құруды кейінге қалдыруға итермелейді. Қарым-қатынас дағдыларының жетіспеушілігі – жастар арасында эмоционалдық интеллект пен коммуникативтік дағдылардың дамымауы.

Біздің пікірімізше, отбасы институты бастапқыда адамның биологиялық жалғастығын қамтамасыз ететін қарапайым құрылым ретінде пайда болып, қазіргі таңдағы түрлі отбасылық модельдерге дейін ұзақ даму кезеңінен өтті. Сондықтан да, бұл әлеуметтік институттың тарихи қалыптасуы, отбасылық-некелік қатынастар мен отбасылық құндылықтардың дамуы терең зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты, әрбір тарихи кезеңде отбасы мен оның құндылықтары қоғамның жетекші идеяларымен тығыз байланысты болды. Сондықтан, белгілі бір кезеңде қалыптасқан түсініктер өз дәуіріне тән отбасылық құндылықтарды жүзеге асыруға ықпал етеді. Соған орай, халықаралық стандартты нормативтік құжаттарға сәйкес отбасылық мәселелерді шешу үшін отбасын қорғау туралы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі қабылданды. Онда: «...отбасы, отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау, баланың рухани, моральдық, физикалық және әлеуметтік дамуы үшін ата-анасының болуы және т.б. мәселелер міндеттелінді [1].

Нақты айтқанда, неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі отбасы институтының негізгі құндылықтарын қорғау, отбасы мүшелерінің құқықтарын сақтап, олардың әл-аухатын қамтамасыз ету үшін маңыздық құқықтық құжат болып табылады. Кодекс баланың дамуындағы маңызды аспектілерді, ата-ананың міндеттері мен жауапкершілігін, отбасы мүшелері арасындағы өзара қолдау мен құрметті қалыптастыруды көздейді. Бұл заңды құжат отбасылық қарым-қатынастарды реттеудің және отбасының әлеуметтік, психологиялық және моральдық тұрғыдан дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

Ал, әдебиеттерге шолу барысында отбасылық құндылықтардың тұлға дамуына ықпалы көптеген зерттеулерде жан жақты қарастырылғаны анықталды. Атап айтқанда, отбасы, құндылық және отбасылық құндылықтар туралы көзқарастардың негізі ежелгі философтар Сократ, Конфуций, Аристотель, Платон, еңбектерінде қалыптасқан. Мәселен, Сократ, өз еңбектерінде, отбасы тәрбиесінің маңыздылығына ерекше тоқталып, онда ізгілік пен әділеттілік қағидаларына негізделген отбасы моделін насихаттайды. Конфуций болса, отбасын қоғамның тірегі деп танып, ата-анаға құрмет көрсетуді, үлкендерді сыйлауды және отбасылық дәстүрлерді сақтауды маңызды құндылықтар ретінде қарастырды. Платон, идеалды мемлекеттің негізін отбасыдан бастау қажеттілігін айтып, отбасы тәрбиесінің жастардың моральдық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететінін дәлелдеді. Аристотель болса, отбасын табиғи қауымдастық ретінде сипаттап, оның құрылымында ер мен әйелдің өзара міндеттерін, баланы тәрбиелеу қағидаларын айқындады.

Кейін бұл идеялар орта ғасыр ғұламалары: Ж.Баласағұн, Әл-Фараби сынды және т.б. олардың ізбасарларының шығармаларында дамытылған. Сонымен қатар, қазақ ойшылдары Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған. Мәселен, Ж.Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде, отбасы тәрбиесінің адамгершілік құндылықтарды дамытудағы маңызын көрсетті. Әл-Фараби, адамның кемелденуі үшін отбасының дұрыс құрылуы мен тәрбиенің маңыздылығын атап өтті. Ш.Уалиханов болса, қазақ қоғамындағы отбасының құрылымын, ата-ана мен баланың қарым-қатынасында, халық педагогикасының рөлін ерекше атап өтті. А.Құнанбаев, «Толық адам» концепциясында отбасы тәрбиесінің құндылығын ашып түсіндірді. М.Жұмабаев, «Педагогика» еңбегінде отбасы тәрбиесінің психологиялық аспектілеріне мән берді. Ж.Аумауытов, баланың дамуына ата-ана тәрбиесінің әсерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеді.

Ал педагогика ғылымында отбасы мәселесінің әдіснамалық және теориялық негіздері, отбасы тәрбиесі, рухани-адамгершілік құндылықтар, некелік қатынас, болашақ отбасы иесін даярлау мәселелерін ресейлік ғалымдар П.Ф.Каптерев, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, М.С.Мацковский, Е.В.Горбунова, отандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, К.М.Төлеубаева, Қ.Т.Әтемова, Қ.Ғ.Жүнісова, С.С.Қоңырбаева, А.Е.Манкеш, зерттесе, ал отбасындағы тәрбиені

ұйымдастыруда қазақтың халықтық педагогикасының материалдарын пайдалану мәселесімен айналысқан С.Ғаббасов, Г.И.Сейлхан, Е.С.Коянғалиев Т.С.Сламбекова, А.А.Таутенбаевалардың, ал адамгершілік құндылықтарын қарастырған Р.К.Төлеубекованың, құндылық бағдардарын зерттеген Г.Қ.Нұрғалиеваның еңбектері – елімізде осы саланың дамуына оң ықпал ететін құнды пікірлер деп санаймыз.

Аталған ғалымдардың еңбектерінде отбасы феномені әлеуметтік-мәдени құндылық ретінде қарастырылып, оның функционалдық-рөлдік қатынастарының мәдени қырлары зерттелді. Сонымен қатар, отбасының әлеуметтік құндылық ретіндегі мәні талданып, қазіргі қоғамдағы отбасылық құндылықтардың өзгеру үрдістері айқындалды.

Жалпы әлеуметтік-мәдени құндылықтар түсінігінде адамның іс-әрекеті мен қатар өмір сүруінің нәтижесінде қалыптасқан адамның отбасылық қарым-қатынас үлгісінің негізін құрайтын мәдени элементтердің жиынтығы болады. Бұл элементтер әлеуметтік алмасу процесінде әлеуметтік және мәдени бірегейлікті қорғау механизмдері отбасы ұғымын және оның әлеуметтік-мәдени маңызын қолдайтын құрылымдар ретінде әрекет етеді.

Демек, отбасы институты қарапайым формадан адамның биологиялық жаратылыс ретіндегі өндіріс мәселесіне, қазіргі отбасының әртүрлі формаларына дейін ұзақ эволюциядан өтті. Бұл әлеуметтік институт отбасы құндылықтарының өзгеруімен тығыз байланысты отбасы және неке-отбасы қатынастарының тарихи үлгісін сипаттайды. Қоғамның әрбір тарихи кезеңінде отбасының құрылымы мен оның құндылықтары басты идеологиялық негіздердің бірі болып саналды. Осыған сәйкес, отбасы институты өз дәуіріне тән құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етті. Бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістерге байланысты қалыптасып отырды. Сондықтан да дәстүрлі қоғамда отбасы негізінен патриархалдық сипатқа ие болса, қазіргі заманда оның құрылымы демократиялық және құқықтық қағидаларға негізделуде. Осылайша, адам өміріндегі ең маңызды сәттердің барлығы отбасымен тығыз байланысты: дүниеге келу, алғашқы қадамдар, қауіпсіздік сезімі, махаббат пен қуаныш. Отбасы тек биологиялық қажеттіліктерді қамтамасыз ететін орта ғана емес, сонымен қатар адамның рухани сұраныстарын, сүйіспеншілік, қамқорлық және жауапкершілік сезімдерін қалыптастыратын негізгі әлеуметтік орта болып табылады. Отбасы жоғары құндылықтардың бірегей өндірушісі (махаббат, сенім және құрбандық) болып табылады.

Негізгі ережелер. Отбасы – некелік немесе туыстық байланыс арқылы бірігіп, бірге өмір сүретін адамдар қауымдастығы (ата-ана, балалар және т.б.). Ал отбасылық құндылықтар – адамның өмірдегі орны мен әлемге деген көзқарасын айқындайтын маңызды ұстанымдар жүйесі. Яғни жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы, моральдық нормалар, мұраттар, қайырымдылық, бақыт және т.б. айқындайды. Өмірде өзін-өзі анықтау табалдырығында тұрған студенттердің отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда болашағы зор. Өйткені жастардың ең құнды әлеуметтік-психологиялық игерімі олардың ішкі жан дүниесін ашу, өмірлік құндылықтарды және жақын басқа адамдар, олармен қарым-қатынасты меңгеру болып табылады. Қазіргі кезеңде отбасы институтына деген көзқарасты қайта қарастыру өзекті мәселе болып отыр, әсіресе оны әлеуметтік және жеке құндылық ретінде бағалау қажеттілігі айқын сезілуде.

Материалдар мен әдістер. Еліміздегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен демографиялық дағдарыс отбасылық қарым-қатынастар саласында, сондай-ақ өскелең ұрпақты саналы ата-ана болуға және өз отбасын құруға тәрбиелеу мен дайындауда көптеген проблемаларды тудырды.

Осыған орай, зерттеу барысында сауалнама, сұхбат, бақылау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, студенттер арасында әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, олардың отбасылық құндылықтарға деген көзқарастары зерттелді.

Өмірде өзін-өзі анықтау табалдырығында тұрған студенттердің отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда болашағы зор, өйткені жастардың ең құнды әлеуметтік-психологиялық игерімі олардың ішкі жан дүниесін ашу, өмірлік құндылықтарды және жақын басқа адамдар, олармен қарым-қатынасты меңгеру болып табылады. Қазіргі уақытта отбасы институтына деген

көзқарасты жаңаша қарастыру қажеттілігі туындап отыр, әсіресе оны әлеуметтік және жеке құндылық ретінде бағалау маңызды мәселеге айналуға.

Осыған орай, студенттер арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру қажет. Бұл жастардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға және оларды қоғамдағы дұрыс мінез-құлыққа бағуға бағытталған маңызды процесс. Бұл үдеріс студенттердің жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдап, олардың отбасы мен қоғамдағы жауапкершіліктерін түсінуіне көмектеседі. Ал, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру үшін төмендегі жолдарды ұсынуға болады:

1. Отбасылық құндылықтар туралы білім беру. Арнайы сабақтар мен тренингтер ұйымдастыру. Отбасылық құндылықтардың маңызы мен мәнін түсіндіретін дәрістер, семинарлар мен тренингтер өткізу. Бұл іс-шаралар студенттерге отбасының қоғамдағы рөлі, отбасы мүшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктері туралы түсінік береді. Тренингтер отбасындағы қарым-қатынасты тиімді басқаруға, жанұялық мәселелерді шешуге көмектеседі.

2. Отбасылық құндылықтарға бағытталған іс-шаралар. Отбасы туралы әңгімелер мен пікір-таластарға студенттерді тарту. Бұл оларды отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын бағалауға, отбасының қоғамдағы маңызды рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Қоғамдық іс-шаралар. Студенттердің отбасы мен қоғамның арасындағы байланысты нығайту үшін қайырымдылық акциялары, әлеуметтік жобалар ұйымдастыру. Мысалы, студенттер мен олардың отбасыларының қатысуымен көмек көрсету немесе әлеуметтік мәселелерді талқылайтын кездесулер өткізу.

3. Отбасылық құндылықтарды тәрбие арқылы насихаттау. Отбасы құндылықтарын отбасы мүшелерінен үйрену. Студенттерге отбасының ішкі мәдениеті мен құндылықтарын қастерлеуге бағытталған іс-шаралар өткізу. Мысалы, отбасы мүшелерімен кездесу, әңгімелесу, «Отбасы күні» сияқты іс-шараларды ұйымдастыру. Жастардың отбасылық өмір тәжірибесін жинақтау. Студенттерді отбасылық өмірде туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдары туралы ойлануға итермелеу. Жастарға өз тәжірибелерімен бөлісу үшін студенттерді тәжірибелі адамдармен, жұптармен кездестіру.

4. Отбасылық құндылықтарды университет аясында қалыптастыру. Университетте «отбасы» құндылығын қалыптастыруға бағытталған мәдени шаралар ұйымдастыру. Студенттер арасында отбасы мүшелерінің рөлін көрсететін мәдени іс-шаралар, мысалы, отбасы туралы көрмелер, кинофильмдер көрсету, сурет көрмелерін өткізу. Отбасылық құндылықтарды қолдайтын арнайы клубтар мен қоғамдастықтарды құру. Бұлар студенттерге отбасы туралы көбірек білуге, отбасылық қарым-қатынас туралы пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Сондықтан да студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда және оны жүзеге асыруға қажетті педагогикалық шарттарды қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады. Бұл студенттердің адамгершілік, моральдық және әлеуметтік дамуына ықпал ету, сондай-ақ, олардың отбасы институтына деген құрметін арттыру үшін өте маңызды. Педагогикалық шарттар – бұл студенттердің отбасылық құндылықтарды қабылдауымен оларды өз өміріне енгізу үшін қажетті жағдайлар мен тәсілдер жиынтығы. Бұл үдеріс білім беру ұйымында арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмысын, оқыту әдістерін және студенттердің жеке өміріне ықпал ететін түрлі іс-шараларды талап етеді. Алайда, бұл үдерістің теориялық, әдістемелік және технологиялық негіздерінің жеткілікті деңгейде дамымауы белгілі бір қиындықтар туындатады. Сонымен қатар, студенттердің отбасылық құндылықтарды қалыптастырудағы белсенді рөлі мен ата-аналардың педагогикалық сауаттылығының төмендігі, педагогтардың кәсіби даярлығы және олардың бірлескен іс-әрекетінің ұйымдастырылуындағы олқылықтар арасында қарама-қайшылықтар орын алуда. Бұл мәселелер студенттердің отбасылық құндылықтарды қалыптастыру үдерісіне тікелей әсер етеді. Мәселен, кейбір студенттер отбасы туралы теріс түсініктерге ие болуы мүмкін. Олар отбасының міндеттерін жеткілікті түсінбеуі де әсер етеді. Сондай-ақ, қазіргі жастардың құндылықтық бағдарларының өзгеруі. Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамдағы жедел өзгерістер мен әлеуметтік желілердің әсері жастардың қарым-қатынас стилін өзгертуде. Бұл өз

кезегінде, отбасы құндылықтарын қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін. Жеке тәжірибесінің жеткіліксіздігі. Студенттер көбінесе өз отбасыларынан алған тәрбиесін күнделікті қолдануға дайын емес.

Осыған байланысты студенттерге «Отбасының құндылығын» терең насхаттау қажет. Себебі, «Отбасының құндылығы» жеке адамның отбасының нақты маңыздылығы деген сеніміне негізделген, әлеуметтену процесі арқылы белгілі бір мәдениет немесе қоғамдағы адамның мінез-құлық үлгілеріне қатысты жалпы қағиданы қамтитын көп мәнді ұғым ретінде қарастырылады [2].

Ал құндылық белгілеріне ие бола отырып, отбасын жеке және әлеуметтік құндылықтарға жатқызуға болады және объективті шындық аспектілерінің бірі болып табылатын адамдар арасындағы қарым-қатынастар саласында орналасқан. Демек, отбасы – жеке және қоғамдық санада маңызды орын алатын ерекше құндылық. Жастардың отбасын құндылық ретінде қабылдауы олардың отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасауға деген қажеттілігімен, өзін отбасының бір бөлігі ретінде сезінуімен, сондай-ақ отбасылық құндылықтарға сәйкес әрекет етуге дайындығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, бұл көзқарас адамның отбасына жұмсалған күш-жігерден қанағат алуына, бос уақытын жақындарымен бірге өткізуге ұмтылуына және отбасылық қарым-қатынастардың маңыздылығына сенімділікпен қарауына ықпал етеді.

Жастар арасында отбасы құндылығын қалыптастырудың теориялық негізі болып табылатын философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да гуманитарлық ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде отбасы құндылығы ұғымының мәні мен мазмұнын анықтаудың әдіснамалық бағыттары анықталды. Олар келесі тәсілдермен анықталған: интегративті (И.В.Гребенников [3], И.С.Кон [4]); функционалдық (А.Ю.Гранкин [5], М.С.Мацковский [6]); жүйелі-құрылымдық (А.Б.Орлов [7], Н.Я.Соловьев[8]); белсенділікке негізделген (И.В.Гребенников, Е.И.Наседкина [9]); социологиялық (А.И.Антонов [10], А.Г.Харчев [11]); құндылық (Е.В.Горбунова [12], т.б.).

Жоғарыда аталған ғылыми тәсілдерді талдау отбасылық проблемаларды ашудың ең қолайлы тәсілін – құндылық көзқарасты анықтауға мүмкіндік берді. Отбасы – адамзат дамытып, қалыптастырған маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі. Оны тек бүгінде ғана емес, болашақтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру маңызды. Отбасын әлеуметтік институт, шағын әлеуметтік топ және ұйымдасқан құрылым ретінде талдай отырып, бірнеше негізгі аспектілерге назар аударуға болады.

Біріншіден, әлеуметтік институт ретінде отбасы – қоғамдағы негізгі құрылымдардың бірі болып табылады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелерді қалыптастырады. Отбасы мүшелерінің рөлдері мен міндеттері (ата-ана, бала) әлеуметтік жүйенің бір бөлігі ретінде қоғамда қабылданған дәстүрлер мен құндылықтарға сәйкес болады.

Екіншіден, шағын әлеуметтік топ ретінде отбасы – бұл бірнеше адамнан құралған топ, олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Отбасы мүшелері арасындағы өзара әрекеттесулер әлеуметтік байланыстарға негізделеді. Осылайша, отбасы өзара қолдау көрсету, күш-қуат беру, бірлескен мақсаттарға жету сияқты элементтерді қамтамасыз етеді. Бұл топта әр адам өзінің әлеуметтік рөлін атқарады, мысалы әке мен ана тәрбиелеуші рөлінде, ал балалар оқушы немесе үй шаруашылығына қатысушы рөлінде болады.

Үшіншіден, ұйымдасқан құрылым ретінде отбасы – белгілі бір ережелер мен жүйелерге негізделген. Әрбір отбасы өз ішкі құрылымы мен басқару тәсілдеріне ие болады. Бұл құрылымда белгілі бір басқарушылық міндеттер, сондай-ақ қаржылық және материалдық қолдау көрсетудің ережелері бар. Сонымен қатар, отбасы мүшелері арасындағы құндылықтар, моральдық нормалар мен дәстүрлер қоғамдағы отбасының ұйымдасқан құрылымын қалыптастырады.

Дейтұрғанмен, отбасының түрлері қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістеріне байланысты әртүрлі бола алады. Атап айтсақ, дәстүрлі (патриархалдық), қазіргі заманғы (ұжымшыл, индивидуалистік) және балама некелік формалар (гомосексуалдық, ашық

неке, топтық неке, т.б.) сынды түрлері бар. Оларға қысқаша түсінік беріп өтуді жөн санадық. Себебі, әрбір отбасы түрінің өзіндік ерекшеліктері мен сипаттамалары бар:

- *Дәстүрлі (патриархалдық) отбасы.* Бұл отбасының негізгі ерекшелігі – ер адамның отбасы басшысы ретіндегі рөлі, ал әйелдің көбінесе үй шаруасымен айналысуы. Патриархалдық отбасы дәстүрлі қоғамда кеңінен тараған, еркектің билігі мен басымдылығы айқын көрінеді. Отбасындағы тәртіп қатаң, ерлі-зайыптылардың рөлі мен міндеттері анық бөлінген. Балаларға ата-ананың ықпалы үлкен, тәрбие мен білім беру көбінесе дәстүрлі үлгілермен жүзеге асырылады.

- *Қазіргі заманғы отбасы.* Бұл отбасының өзі бірнеше түрге бөлінеді. Оның ішінде ұжымшыл және индивидуалистік отбасы түрлері кездеседі. Ұжымшыл отбасының ерекшелігі – отбасы мүшелерінің бір-біріне тәуелділігі мен бірге өмір сүрудің маңызды болуына бағытталуы. Қоғамдастық, бірге болу, бір-біріне көмек көрсету, қолдау сынды құндылықтар маңызды. Мүшелердің мүдделері мен қажеттіліктері ескеріледі, бірақ олардың рөлі ортақ мақсатқа жетуге бағытталған. Ал, индивидуалистік отбасы мүшелері өз еркіндігін жоғары бағалайды. Әрбір отбасы мүшесі өз мақсатына жетуге, жеке бостандығын сақтауға тырысады. Отбасындағы рөлдер ерікті түрде бөлінеді, жеке өмір мен отбасы өмірі арасындағы шекара айқын болады.

- *Балама некелік формалар.* Бұл отбасы түрлері дәстүрлі емес, жаңашылдық пен өзгерістерге негізделген. Қазіргі қоғамда балама некелік формалар көбейіп келеді, олар әлеуметтік және мәдени тұрғыдан жаңа бағыттарды көрсетеді. Гомосексуалдық отбасы – бұл отбасы түрінде бір жынысты адамдардың некелік қатынастары қарастырылады. Олардың арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі емес, бірақ қазіргі қоғамда бұл отбасы түрі құқықтық тұрғыдан бірқатар елдерде заңдастырылған. Ашық неке – бұл ерлі-зайыптылардың бір-бірімен еркін қарым-қатынаста бола отырып, сыртқы қатынастарды да қабылдауға дайын болатын отбасы формасы. Мұнда негізгі мақсат – әркімнің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беру. Топтық неке – бірнеше адам арасында құрылған қарым-қатынасты білдіреді. Бұл отбасы түрі сирек кездесетін, бірақ кейбір мәдениеттерде кездесетін форма болып табылады.

Демек, әрбір отбасы түрі қоғамдағы өзгерістерге, адам құқығына, әлеуметтік нормалар мен мәдениетке байланысты дамып, өзіне тән ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ал құрылымы – моногамдық және полигамдық (полиандрия, полигамия), сондай-ақ буындар санына қарай қарапайым және күрделі отбасы;

Рөлдік ұйымдастырылуы – үй шаруашылығын басқару, балаларды тәрбиелеу, асыраушы рөлі, отбасылық өмірді ұйымдастыру.

Бұл белгілер отбасының негізгі функцияларымен тығыз байланысты, оның ішінде репродуктивті, тәрбиелік, тұрмыстық, экономикалық, алғашқы әлеуметтік бақылау, рухани қарым-қатынас, бос уақытты өткізу және эмоционалдық қолдау сияқты маңызды бағыттарды қамтиды.

Мұндағы құндылықтардың жіктелуі дәстүрлі материалдық және рухани аспектілермен шектелмейді. Б.С.Ерасовтың көзқарасына сүйене отырып, оларды бірнеше санатқа бөлуге болады. Оның құндылықтар жүйесін жіктеу кезінде маңызды аспектілердің бірі – адам өмірінің түрлі салаларындағы құндылықтардың әртүрлілігі. Ерасов бойынша, құндылық санаттары:

1. *Тұлғалық құндылықтар* – адамның өзіндік өміріндегі маңызды болып табылатын, оның жеке тұлғасын қалыптастыратын құндылықтар. Бұл категорияға: адамның өзіне деген қатынасы, жеке еркіндігі, өзіндік даму, өз мақсатын жүзеге асыру және т.б. жатады. *Яғни, өзін-өзі тану және дамыту:* өзіндік жетілу, шығармашылық әлеуетті ашу, білім мен дағдыларды жетілдіру. *Еркіндік пен тәуелсіздік:* жеке бостандық, шешім қабылдаудағы тәуелсіздік. *Жауапкершілік:* өз әрекеттері мен шешімдеріне жауапкершілікпен қарау. *Өзін-өзі бағалау:* өз қадір-қасиетін сезіру, өзін жақсы көру және құрметтеу. *Жеке мақсаттарға жету:* өз армандары мен мақсаттарына жету үшін күш салу.

2. *Әлеуметтік құндылықтар* – қоғам мен әлеуметтік ортаға байланысты құндылықтар. Оларға: отбасы, достық, патриотизм, әлеуметтік мәртебе, кәсібилік, гендерлік теңдік, әлеуметтік әділеттілік, жетістік, татулық, белсенділік және тәртіп, жалпы адам құқықтары мен бостандығы

жатады. Яғни, *отбасы*: отбасы мүшелерінің арасындағы махаббат, құрмет, қолдау және жауапкершілік. *Достық және ынтымақтастық*: адал достық, сенімді қарым-қатынас, бір-біріне қолдау көрсету. *Әлеуметтік әділеттілік*: теңдік, барлық адамдардың құқықтарының сақталуы. Жауапкершілік: қоғамдағы міндеттер мен жауапкершілікті дұрыс атқару. Қоғамдық мораль: қоғамдағы этикалық нормалар мен құндылықтар, қоғамның дамуындағы жалпы игілік.

3. Мәдени құндылықтар – қоғамның тарихи және мәдени дамуының нәтижесінде қалыптасқан құндылықтар. Бұл санатқа: өнер, білім, әдебиет, музыка, дін және басқа да мәдени құбылыстар мен мұралар кіреді.

4. Экономикалық құндылықтар – адамның материалдық байлық, еңбек, ресурстарды тиімді пайдалану, еңбек нәтижесінде пайда болатын құндылықтар. Оларға: экономикалық тәуелсіздік, еңбекке деген көзқарас, материалдық игіліктер және олардың әділ бөлінуі жатады.

5. Адамгершілік құндылықтар – адамның моральдық және этикалық тұрғыдан қоғамда өз міндеттерін қалай орындау керектігін көрсететін құндылықтар. Бұған: ар-ождан, жауапкершілік, сүйіспеншілік, әділеттілік, адалдық, мейірімділік, үлкенге құрмет, жас ұрпаққа қамқорлық, парасаттылық және басқа да моральдық принциптер кіреді [13].

Алайда, құндылықтар тек әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларына байланысты ғана емес, сонымен бірге олардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктеріне қарай да жіктеледі. Бұл жіктеу құндылықтардың әртүрлі мақсаттарға қызмет етуін және олардың қоғамдағы рөлін түсінуге көмектеседі. Осы тұрғыдан құндылықтарды құрылымдық және функционалдық ерекшеліктеріне қарай келесідей бөлуге болады. Олай болса, алдымен құрылымдық ерекшеліктеріне қарай құндылықтарға шолу жасасақ. Оларға:

✓ Жалпы құндылықтар. Бұл құндылықтар қоғамдағы барлық адамдар үшін ортақ болып табылады және барлық әлеуметтік топтарға тән. Олар қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Мысалы, адам құқықтары, еркіндік, әділеттілік, құқықтық теңдік сияқты құндылықтар жалпы сипатқа ие.

✓ Жеке құндылықтар. Жеке тұлғаның өз өмірінде, әрекеттерінде қолданатын құндылықтары. Бұл құндылықтар жеке адамның ішкі сенімдері мен өмірге деген көзқарасын көрсетеді. Мысалы, жеке бостандық, шығармашылық еркіндік, өзін-өзі жетілдіру сияқты құндылықтар жеке тұлғаға тән болады.

✓ Топтық құндылықтар. Әлеуметтік топтар мен қауымдастыққа тән құндылықтар. Олар топ мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Мысалы, отбасы мүшелері арасындағы бірлік пен өзара қолдау, кәсіби қауымдастықтардағы адалдық пен өзара құрмет.

✓ Ұлттық және мәдени құндылықтар. Ұлттың, этнос пен мәдениеттің тарихын және дәстүрлі негіздерінен туындайтын құндылықтар. Олар халықтың мәдени мұрасын, дәстүрлерін және ұжымдық бірлігін сақтауға көмектеседі. Мысалы, ұлттық дәстүрлер, мәдениет, дін және тарихи мұралар.

Ал, функционалдық ерекшеліктеріне қарай құндылықтар:

✓ Регулятивті (реттеуші) құндылықтар. Бұл құндылықтар әлеуметтік тәртіп пен ережелерді қалыптастырып, қоғам мүшелерінің іс-әрекетін бақылап, реттеп отырады. Олар адамдардың әлеуметтік нормаларға сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді. Мысалы, заңдар, моральдық принциптер, әдептілік ережелері.

✓ Мотивациялық құндылықтар. Бұл құндылықтар адамдарды белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе белгілі бір мақсаттарға жетуге ынталандырады. Олар адамның мінез-құлқын, әрекеттерін бағыттады. Мысалы, табысқа ұмтылу, білім алу, өзін дамыту, шығармашылық ізденіс сияқты құндылықтар.

✓ Бағалау құндылықтары. Бұл құндылықтар адамдарға әлемді, адамдарды немесе жағдайларды бағалауға мүмкіндік береді. Олар адамның іс-әрекеттерін, құбылыстарды дұрыс немесе бұрыс деп бағалауға әсер етеді. Мысалы, әділдік, шындық, сұлулық, адалдық сияқты бағалау негіздері.

✓ Интегративті құндылықтар. Бұл құндылықтар қоғамның, топтың немесе ұлттың ішіндегі бірлікті және үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Олар топтық тұтастықты сақтауға ықпал етеді. Мысалы, өзара құрмет, ынтымақтастық, ұлттық бірлік, бейбітшілік және тыныштық.

Көріп отырғанымыздай, құндылықтардың құрылымдық және функционалдық тұрғыдан бөлінуі арқылы қоғамдағы рөлі мен мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Құндылықтар тек әлеуметтік өмірдің түрлі салаларын қамтып қана қоймай, олардың құрылымдық деңгейі мен қоғамдағы функционалдық қызметіне қарай адамдардың әрекеттерін, мінез-құлқын реттеп, бағыттайды.

Сондықтан да, әлеуметтік-мәдени құндылықтар қоғамның тұрақтылығы мен дамуына ықпал етіп, жасампаз күшке айналуы мүмкін. Сондықтан олардың маңыздылығын түсіну және дұрыс бағытта қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі.

Отбасы – адамзат өркениетінің ең негізгі әрі қасиетті институты. Ол дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, жаңа ұрпаққа өмірлік тәжірибе мен құндылықтарды жеткізетін әлеуметтік орта ретінде танылады. Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру – отбасы институтының құрылымын, оның негізгі қызметтері мен даму кезеңдерін терең түсінуді талап ететін көпқырлы үдеріс.

Осыған орай, зерттеу барысында біз отбасы құндылықтарын жіктеуде бұл тақырыпты жан-жақты қарастырған ғалымдардың еңбектерін талдап, «отбасылық құндылық» ұғымының мазмұнын анықтауға ерекше мән бердік. Ғалымдар «отбасылық құндылықтар» түсінігіне мағыналы сипаттама береді. Бұл нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1- «Отбасылық құндылықтар» ұғымының мазмұнына талдау

№	Авторлар	Ғылыми еңбектің атауы	Мазмұны
1	2	3	4
1	Нұрғалиев Р.	Философиялық сөздігі бойынша	Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың бір түрі, яғни ерлі-зайыптылардың одағына негізделген, сондай-ақ ер мен әйел, ата-ана мен балалар, туыстар арасындағы әртүрлі қарым-қатынастарды қамтитын, бір шаңырақ астында өмір сүріп, ортақ шаруашылық жүргізетін маңызды әлеуметтік құрылым.
2	Арғынбаев Х.А.	Қазақстан отбасы және неке: тарих ғылым. докторы, автореф. дисс. - Алма-Ата, 1975. -130б.	Отбасы – ерлі-зайыптылардың (ата-ананың) некесіне, олардың балалары мен жақын туыстары арасындағы рухани байланысқа, тұрмыстық бірлік пен моральдық жауапкершілікке негізделген әлеуметтік қауымдастық
3	Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М.	Педагогика. - А.: Жалын, 1985. – 27 бб.	Отбасы – некелік байланыс немесе қандық туыстық арқылы бірігетін, бір шаңырақ астында өмір сүретін жақын адамдар тобы (ата-ана, балалар және басқа туыстар).
4	Қоңырбаева С.С.	Жоғары сынып оқушылар н отбасылық өмірге этно-мәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары: Алматы, 2008	Отбасы – өзара туыстық қатынаспен біріккен, жақын адамдар арасындағы байланыс пен өзара әрекеттестікке негізделген әлеуметтік қауымдастық.
5	Абишев К.А.	Абишев К.А. О понятии «ценность» //Вопросы философии. – 2020. - №3. –С. 139-146.	Отбасылық құндылық – адамның өмір сүру салтын айқындайтын немесе оның әлеммен қарым-қатынас жасау ерекшелігін көрсететін маңызды ұстаным.
6	Абишев К.А.	«Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» дисс.пед.ғыл. канд. – , 2009	Отбасылық құндылықтар – бұл жеке тұлғаның адамгершілігі мен абыройын айқындайтын моральдық қағидалар, ізгілік, мұраттар және бақытқа жетудің негізі.

7	Нурмагамбетов Т.	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университеті Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. - №1 (53). 2017. Б. 52-56.	Отбасылық құндылық – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата-бабамыздың аманаты, ұлттық дәстүрлер мен салт-сана негізі.
---	------------------	--	---

Ғалымдардың пікірлерінің мазмұндық талдауы кестеде көрсетілгендей: «Отбасы құндылықтарының қалыптасуы отбасы мүшелерінің ұзақ мерзімді төзімділігін, өмір бойы қарым-қатынасты ұйымдастыру тәсілін қажет ететін өте күрделі процесс» екені көрінеді.

Отбасы құндылығы отбасының өмір сүруіне мән беретін, отбасының ішкі қарым-қатынастары мен қызметінің элементі ретінде ұсынылатын өмірлік міндеттеме ретінде түсініледі.

Осы тұста, біз жоғары оқу орындары студенттерінің отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда ғылыми педагогикалық теорияларды зерттеп, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттігін көреміз. Сондықтан біз студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша эксперименталды зерттеулерді ұсынамыз.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу нәтижесінде студенттердің отбасылық құндылықтар туралы түсініктерінің әртүрлі деңгейде екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында студенттердің отбасылық құндылықтарын әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Оларға:

1. *Әлеуметтік орта* – студенттер айналасындағы қоғамның мәдениеті, салт-дәстүрі және моральдық нормалары, олардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

2. *Ата-ананың тәрбиесі* – отбасындағы тәрбие моделінің ерекшеліктері, ата-ананың қарым-қатынас стилі мен отбасылық дәстүрлер студенттің құндылықтар жүйесіне тікелей ықпал етеді.

3. *Білім беру ұйымдарының рөлі* – университеттер мен колледждердегі тәрбие жұмыстары, моральдық-этикалық құндылықтарды дәріптеу және арнайы курстар студенттердің отбасылық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

4. *Ақпараттық технологиялардың ықпалы* – интернет, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары жастардың отбасы институты туралы көзқарастарына әсер етіп, олардың құндылықтарын өзгертуі мүмкін.

5. *Құрдастар мен қоғамдастық әсері* – студенттер арасында қарым-қатынастар, достық байланыстар, жастар ортасындағы пікірлер мен көзқарастар, олардың отбасылық құндылықтарын дамытуға немесе өзгертуге ықпал етеді.

Зерттелген теориялық талдауларды басшылыққа ала отырып, отбасы құндылықтары – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлер. Бұл оны күшті ететін сезімдер. Бұл адамдардың үй ішінде бірге бастан кешіретін барлық нәрселері - қуаныш пен қайғы, әл-аухат немесе проблемалар мен қиындықтар деп сипаттай аламыз.

Зерттеу нәтижеге жету үшін аралас әдіс қолданылды. Бірінші әдіс мазмұнды талдау болса, екінші әдіс - эксперимент. Мазмұнды талдау нәтижелері бойынша эксперимент жүргізілді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды. Зерттеуге 6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу және 6В01203 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламаларының 60 студенті қатысты. Олардың 30-ы бақылау тобына, ал қалған 30-ы эксперименттік топқа бөлінді. Эксперименттік жұмыс үш негізгі кезеңнен тұрды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Зерттеу осы кезеңдердің нәтижелерін сипаттауға бағытталды.

Эксперименттік жұмыстың мақсаты – студенттердің отбасының басқа құндылықтар арасындағы орнын түсінуін анықтау, жастардың «отбасы» ұғымын қалай қабылдайтынын зерттеу, сондай-ақ олардың отбасылық өмірге қатысты құндылықтарын (дәстүрлер, балалық шақ, махаббат, қолдау) айқындау.

Осыған байланысты жоғары оқу орындары студенттерінің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру мәселелерін зерттеген зерттеушілердің әдістемесіне, диагностикасына назар аударылды. Атап айтқанда, соның бірі М.Рокичтің «Құндылықты бағдарлау» әдістемесі [19]. Төменде бұл әдістеменің қысқаша сипаттамасы берілген.

М.Рокич «Құндылықты бағдарлау» әдістемесі адамның қажеттіліктері мен мүдделерінің әртүрлі аспектілерін сипаттайды. Құндылықтар типологиясында ол құндылықтардың екі түрін ұсынады: терминалдық құндылықтар – өмірде белгілі бір мақсатқа жетуге, адамның мақсатына жетуге деген ұмтылысына сену; инструменталды құндылықтар - бұл белгілі бір әлеуметтік тұрғыда іс-әрекет бағыты мен мінез-құлық үлгісіне, басқаша айтқанда, адамның кез келген жағдайдағы мінез-құлқы, немесе мінездемесі туралы сенім. Бұл бөлім құндылыққа байланысты жіктеулерге сәйкес келеді. Терминал мәндері бекітілген. Сондықтан студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру процесінде негізгі құндылықтарды негізге алу маңызды. Сонымен қатар, құндылықтық бағдар жүйесі бір жағынан – жеке тұлғаның қоршаған ортамен өзара байланысын айқындаса, екінші жағынан – оның мінез-құлқын барлық кезеңдерде реттейтін негізгі ұстанымдарды анықтайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, біз эксперименттік зерттеулерде зерттеу контекстімізге сәйкес келетін М.Рокич ұсынған құндылықты бағдарлау әдісін қолдандық. Эксперименттік жұмыстың басты мақсаты – қазіргі әлеуметтік және мәдени өзгерістер аясында жоғары оқу орны студенттерінің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру.

Құндылықтық бағдар жеке тұлғаның материалдық және рухани мәдениетті игеруіне, сондай-ақ қоғамда жинақталған өмірлік тәжірибені өз болмысының маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсінуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты, құндылықтық бағдар адам санасында идеологиялық негіз ретінде қалыптасқан өмірлік мұраттар мен құндылықтарды бейнелейді. Сондықтан қолданылған әдістеменің негізгі мақсаты – студенттердің құндылықтық бағыттарын анықтау болып табылады.

Бұл әдіс бойынша келесі нұсқаулар ұсынылады: А (терминалдық құндылықтар) – өмірде басшылыққа алынатын негізгі құндылықтар тізімі, оған денсаулық, адал достық, өзгелердің құрметіне ие болу, материалдық жағдай, бақытты отбасылық өмір, махаббат, табысты өмір, өзіне деген сенімділік, жоғары әлеуметтік мәртебе (ақша, билік, мансап), сүйікті іс-әрекет және т.б. жатады.

В (инструменталдық құндылықтар) – өмірде мақсатқа жету үшін қажет болатын құралдар мен қағидалар, олар отбасы, неке, бала тәрбиесі; жұмыс, бизнес, мансап; ақша, материалдық жағдай; адамгершілік қасиеттер, мораль; әлеуметтік мәртебе, бедел, билік, көшбасшылық; денсаулық, өзін-өзі таныту, даму, мақсатқа жету, табыс, еркіндік, тәуелсіздік сияқты ұғымдарды қамтиды [19].

Қатысушылардың міндеті – осы құндылықтардың өздері үшін маңыздылығын анықтап, 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалау. Мұнда «5» – ең маңызды, ал «1» – ең төменгі маңызға ие дегенді білдіреді.

Зерттеу нәтижелерін талдау көрсеткендей, студенттер үшін терминалдық құндылықтар қатарында денсаулық, сүйікті ісімен айналысу, махаббат, материалдық жағдай, адал достық және бақытты отбасылық өмір басты орын алады (2-кесте).

Кесте 2 - М.Рокич әдісі бойынша анықтау эксперименттеріндегі зерттеу топтарының терминалдық және инструменталдық мәндерінің көрсеткіштері (пайыз есебімен)

№	Құндылық атауы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
1	А Терминал	12	18
2	В Инструменталды	8	22

Бұл терминалдық активтердің көпшілігі нақты және жеке болып табылады және студенттердің тұлғааралық өзара әрекеттесуі мен ықпалдары зияткерлік меншіктен жоғары.

Жоғарыдағы көрсетілгендей, отбасылық бағдар, неке, балалық шақ және махаббат құндылықтары бірінші орында. Құндылықтардың бұл түрлері адам өмірі үшін де, қоғам үшін де маңызды. Құндылық бағдары, бір жағынан, адам шындығымен байланыс жасайды, ал екінші жағынан, тұтас адамның мінез-құлқын реттейтін қағидалар жүйесі. Кәсіптік оқыту процесінде әлеуметтік тәжірибе әлеуметтік білімді іс жүзінде қолдану арқылы мүмкін болады. Адами құндылықтардың басымдығы жеке тұлғаның жұмыс, тұрмыс және демалыс салаларындағы белсенділігіне қарай айқындалатын өмірлік ұстаным ретінде қарастырылады. Құндылықтардың иерархиясын талдау арқылы зерттеушілер олардың жіктелуін, мазмұндық блоктарын және негізгі ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік алады.

М.Рокичтің әдістемесі жоғары оқу орны студенттерінің отбасылық құндылықтарын қалыптастырудың негізгі өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауға көмектесті.

Кесте 3 – Отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі өлшемдері мен көрсеткіштері

№	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
1	Дүниетанымдық	– адамгершілік сананы қалыптастыру; – отбасы құндылығын түсіну; – отбасының ұлттық-мәдени дәстүрлерін сақтау және нығайту; – отбасымен және туыстық қарым-қатынас жасау.
2	Білімдік	– отбасы мен неке қарым-қатынасын білу және түсіну; – әке мен ананың әлеуметтік рөлін және тәрбиенің жауапкершілігін қалыптастыру; – педагогикалық сауаттылық, озыө тәжірибе мен жаңа білім беру технологиялары, оларды жүзеге асыруға дайындық.
3	Белсенділік	– болашақта күнделікті өмірде қажетті экономикалық дағдылар мен қабілеттердің болуы; – отбасындағы еңбек міндеттерін адал атқару, ата-анасына, туған-туыстарына, достарына көмек көрсете білу; – қактығыс жағдайында мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын меңгеруі.

Анықталған өлшемдер мен көрсеткіштер негізінде студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру деңгейлері үш санатқа бөлінді: жоғары, орта және төменгі деңгейлер.


Жоғары деңгей – студенттердің отбасы мен отбасылық өмірге қатысты терең және толық білімінің қалыптасуын сипаттайды. Олар бұл құндылықтарды саналы түрде қабылдап, отбасының маңыздылығын түсінеді.

Орташа деңгей – некеге және отбасыға қатысты жалпы түсініктердің бар екенін көрсетеді. Алайда, бұл саладағы білім мен дағдылар толық қалыптаспаған, студенттер өз бетінше шешім қабылдауда сенімсіздік танытып, отбасылық құндылықтарды толық түсінбеуі мүмкін. Мұндай деңгей отбасын құру үшін жеткіліксіз болып саналады.

Төмен деңгей – некеге және отбасыға қатысты білімнің шектеулілігімен ерекшеленеді. Мұндай студенттер тек жеке ұғымдарды ажырата алады және олар туралы жалпылама түсінікке ие. Отбасын құндылық ретінде қабылдау жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан, тек оның жекелеген аспектілері ғана ескерілген.

Кесте 4 - Анықтау экспериментінің нәтижесі (пайыз есебімен)

Деңгейлер	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
Жоғары	19	17
Орта	40	32
Төмен	47	51



Сурет 1- Анықтау экспериментінің нәтижесі

Қалыптастыру экспериментіне арнайы сауалнамалар мен отбасылық адамгершілік құндылықтардың даму деңгейін анықтауға көмектесетін психологиялық тренингтер кешені ұйымдастырылып, олар өзін-өзі оқыту, өзін-өзі басқару, тұлғаны дамытуда жүзеге асырылды.

Сондықтан да студенттердің отбасылық адамгершілік құндылықтарын анықтау үшін, мынадай әдістемелер ұсынылды:

– «Отбасылық құндылықтарға көзқарас» сауалнамасы – студенттердің отбасылық құндылықтар туралы түсінігін бағалау үшін қолданылды. Сұрақтар дәстүрлі отбасылық рөлдер, қарым-қатынас мәдениеті және жауапкершілік деңгей туралы болды.

Сауалнама сұрақтары:

1. Отбасы сіз үшін қандай мағына береді?
2. Отбасындағы міндеттер ер мен әйел арасында қалай бөліну керек деп санайсыз?
3. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасы қандай қағидаларға негізделуі керек?
4. Сөздің ойыңызша, отбасының берік болуы үшін ең маңызды факторлар қандай?
5. Отбасындағы дәстүрлер сіз үшін қаншалықты маңызды?
6. Қазіргі қоғамдағы отбасылық құндылықтар қалай өзгеріп жатыр деп ойлайсыз?
7. Отбасылық құндылық дегенді қалай түсінесіз?
8. Отбасылық өмірде ең бағалы не деп ойлайсыз?
9. Отбасында жанжалдасып қалғанда оны қалай шешер едіңіз?
10. Туған туысқандарыңыздың ішінде кіммен рухани, эмоционалды, психологиялық жақынсыз?
11. Отбасын құрғаннан кейін ата-анамен тұрғанға қалай қарайсыз?
12. Отбасында үй ішіндегі міндеттердің бөлінгенін қалайсызба?
13. Отбасын құруға қандай мотивпен түсу тиімді деп ойлайсыз (маххабат, материалдық есеп, достық және т.б.)?

14. Өз өміріңіздің құндылықтары қандай? т.с.с.

Өткізілу барысы:

- Сауалнама топтық немесе жеке түрде жүргізіледі.
- Қатысушылар өз жауаптарын анонимді түрде белгілейді.
- Алынған мәліметтер талданып, студенттердің отбасылық құндылықтарға деген көзқарасы анықталады.

– «Ата-аналық модельдер» тесті – студенттердің өз отбасынан алған тәрбиелік үлгілерін бағалауға арналған.

Тестілеу сұрақтары:

1. Бала кезіңізде ата-анаңыздың сізге қойған негізгі талптары қандай болды?
2. Отбасыңызда жазалау және марапаттау қалай жүзеге асырылды?
3. Ата-анаңыздың бір-бірімен қарым-қатынасы қандай үлгі көрсететін?
4. Сізге көбірек қандай тәрбие стилі әсер етті: демократиялық, авторитарлық немесе либералдық?

5. Қазіргі таңда сіз өзіңіздің тәрбиелік моделіңізді ата-анаңыздан алған үлгімен сәйкестендіресіз бе?

Өткізілу барысы:

- Тест жеке немесе топтық түрде жүргізіледі;
- Қатысушылар әр сұраққа 1-5 шкаласы бойынша жауап береді;
- Нәтижелер ата-аналық тәрбие стилінің басым түрін анықтау үшін талданады.

– «Құндылықтар иерархиясы» әдістемесі – студенттердің өміріндегі басты құндылықтарды анықтау және олардың отбасылық құндылықтармен сәйкестігін бағалау. Бұл әдістеме студенттерге өмірдегі ең маңызды он құндылықты тандауды және оларды маңыздылық дәрежесіне қарай орналастыруды ұсынады. Нәтижесінде, зерттеуші студенттердің отбасылық құндылықтарға қаншалықты мән беретінін және олардың жалпы құндылық жүйесіндегі орнын анықтай алады.

– «Өзін-өзі тану және тұлғалық даму» психологиялық тренингтері – студенттердің өзін-өзі басқару және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Бұл тренингті өткіздің маңыздылығына келер болсақ, тренинг студенттердің өзіндік рефлексиясын дамытуға, эмоционалдық интеллектін жетілдіруге, сондай-ақ отбасы құндылықтарын тереңірек түсінге бағытталған. Өзін-өзі тану тұлғалық бағдарларын айқындап, оның болашақ отбасы моделіне деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Өткізілу барысы:

✓ Кіріспе кезеңі: қатысушыларға тренинг мақсаты түсіндіріледі, өзін-өзі тану мен тұлғалық дамудың маңыздылығы туралы ақпарат беріледі.

✓ Жеке рефлексия жаттығулары: студенттерге өмірлік құндылықтарын анықтауға көмектесетін интенсивті тапсырмалар беріледі.

✓ Топтық пікірталас: қатысушылар отбасылық құндылықтардың маңыздылығы туралы ой бөліседі.

✓ Эмоционалдық интеллект дамыту: стрессменеджмент әдістері, қарым-қатынас мәдениеті және жанжалдарды шешу дағдылары үйретіледі.

✓ Қорытынды: қатысушылар алған әсерлерімен бөліседі.

Аталмыш тренинг жастардың тұлғалық дамуына оң әсерін тигізіп, олардың отбасылық құндылықтарға деген саналы көзқарасын нығайтады. Сонымен қатар, тұлғалық даму арқылы жауапкершілік, сенімділік және эмпатия сияқты қасиеттер қалыптасады. Бұл болашақта берік отбасылық қарым-қатынастар құруға негіз болады.

Зерттеу барысында ұйымдастырылған, психологиялық тренингтер - студенттердің іші әлеуетін ашуға, шешім қабылдау қабілетін дамытуға және өз өмірін саналы түрде басқаруға көмектеседі. Яғни, бұл тренингтер студенттердің эмоционалдық интеллектін, сенімділігін және жауапкершілік сезімін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, өзін-өзі оқыту дағдылары жеке тұлғаның үнемі дамуын қамтамасыз етеді, ал өзін-өзі басқару дағдылары отбасылық өмірде жауапты шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

– М. Рокичтің «Құндылыққа бағдарлау» әдістемесі – студенттердің құндылықтық бағдарларын айқындау үшін қолданылады. Бұл әдістеме арқылы зерттеушілер студенттердің өмірлік құндылықтарын анықтап, олардың отбасылық құндылықтарға қаншалықты жақын екендігін бағалай алады. Әдістеме нәтижелері студенттердің құндылықтар жүйесінің құрылымын талдауға және педагогикалық ықпал ету стратегияларын құруға мүмкіндік береді.

Өткізілу барысы:

✚ Дайындық кезеңі: студенттерге зерттеу мақсаты түсіндіріліп, әдістеменің мәні баяндалады.

✚ Тапсырманы орындау: қатысушыларға 18 терминалды (өмірлік мақсаттар) және 18 инструменталдық (жеке қасиеттер) құндылықтар тізімі беріледі.

✚ Рейтинг жасау: студенттер ұсынылған құндылықтарды өз маңыздылығы бойынша 1-ден 18-ге дейінгі деңгейде орналастырады.

Нәтижелерді өңдеу: қатысушылардың жауаптары талданып, олардың құндылықтық басымдықтары анықталады.


Талқылау кезеңі: алынған мәліметтер негізінде студенттермен пікірталас ұйымдас-
тырылып, олардың отбасылық құндылықтарға қатысты көзқарастары қарастырылады.

Нәтижесінде, жастардың өмірлік басымдықтары мен болашақ отбасылық өміріне деген көзқарастары қалыптасады. Студенттердің құндылықтық жүйесін талдау арқылы оларға бағыт-бағдар беруге мүмкіндік туады. Отбасылық құндылықтардың тұлғаның әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпалы айқындалады.

Қалыптастыру экспериментінен кейін әзірленген әдістеме М. Рокичтің «Құндылыққа бағдарлау» әдістемесімен қайталанды. Эксперименттік топтардың арнайы өлшемдердің (бақылау, мінез-құлық, оқыту-тәрбиелеу) студенттердің отбасылық құндылықтарының даму деңгейі сауалнама нәтижелеріне және осы салада пайдаланылған зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келесідей анықталды.

Кесте 5- Бақылау экспериментінің нәтижесі (пайыз есебімен)

Деңгейлер	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
Жоғары	23	18
Орта	48	36
Төмен	29	46




Сурет 2 - Бақылау экспериментінің нәтижесі

Эксперименттік топтағы студенттердің жоғары білім деңгейін бастапқыда 19%-ы ғана көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 23%-ға дейін артты. Орта деңгейдегі білім көрсеткіші 40%-дан 48%-ға дейін көтерілсе, ал төменгі білім деңгейіндегі студенттердің үлесі 41%-дан 29%-ға дейін төмендеді. Ал бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Тәжірибелік жұмыстарының салыстырмалы қорытындысын 6 - кестеден көруге болады.

Бұл нәтижелер қолданылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, білім беру мен тәрбие жұмысының алға қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес жүргізілгенін көрсетті.

Кесте 6 - Салыстырмалы көрсеткіш (пайыз есебімен)

Деңгейлер	Эксперименттік топ		Бақылау	
	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін
Жоғары	19	23	17	18
Орта	40	48	32	36
Төмен	41	29	51	46



Сурет 3 - Студенттерде отбасы құндылықтардың қалыптасу деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Біз бақылау және эксперименттік топтар арасында көп айырмашылықтар жоқ екенін анықтадық. Эксперименттік деректер мен зерттеу нәтижелері жоғары оқу орны студенттерінің отбасылық-адамгершілік құндылықтарының қалыптасу деңгейі жеткіліксіз екенін, бұл бағыттағы тәрбие жұмыстарының әлі де толыққанды жүргізілмегенін айқындайды.

Қорытынды. Сонымен тұжырымдай келе, отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда университет студенттерінің өлшемдері зерттелініп, тәжірибеде олардың көрсеткіштерінің артқаны дәлелденді. Нақтырақ айтқанда, келесі аспектілер маңызды болып табылады:

- *студенттердің адамгершілік сана-сезімін қалыптастыру.* Студенттердің адамгершілік көзқарастары мен моральдық принциптерінің қалыптасуы оларды отбасы туралы терең түсінікке итермелейді. Бұл өз кезегінде студенттерге отбасылық құндылықтарды нақты әрі жауапты түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Адамгершілік сананың қалыптасуы жастардың отбасылық өмірге деген көзқарасын, оны құрметтеу мен сақтау дағдыларын дамытады.

- *отбасын құндылық ретінде қабылдау.* Студенттердің отбасын құндылық ретінде қабылдауы оларды отбасылық міндеттер мен жауапкершіліктерді сезінуге бағыттайды. Отбасының қоғамдағы маңызды рөлін түсіну студенттердің өз отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас орнатуына, жанұялық мәселелерге байыпты қарауына ықпал етеді.

- *ұлттық-мәдени дәстүрлерді сақтау және дамыту.* Студенттерге өз ата-бабаларынан қалған құндылықтарды сақтап, оларды қазіргі заман талаптарына бейімдеуге көмектеседі. Осы дәстүрлерді үйрену, сақтау және дамыту студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға әсер етіп, олардың отбасылық өмірінде осы құндылықтарды үйлестіріп қолдануына мүмкіндік береді.

- *отбасы мүшелерімен қарым-қатынас орнату.* Студенттердің отбасылық қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған іс-шаралар мен тренингтер олардың отбасылық қатынастарды түсінуге, өзара құрмет пен жауапкершілік, сенім сияқты маңызды элементтерді бағалауын арттырады. Бұл дағдыларды қалыптастыру арқылы студенттер отбасындағы бейбітшілік пен үйлесімділік орнатуға тырысады.

- *өмірлік маңызы бар экономикалық дағдыларды меңгеру.* Отбасылық өмірдің тиімділігі үшін экономикалық білім мен дағдылардың маңызы зор. Студенттерге тұрмыстық экономиканың негізгі принциптерін үйрету, қаржылық сауаттылықты арттыру олардың отбасыдағы міндеттерін дұрыс бөлісуіне, отбасылық бюджетті сауатты басқаруына көмектеседі.

- *отбасылық қарым-қатынастарды реттеу, жанжалдарды шешу және отбасы мәселелеріне белсенді араласу.* Студенттерге отбасылық қарым-қатынастарды тиімді басқару дағдыларын үйрету жанжалдарды шешу қабілеттерін арттырады. Отбасы мүшелерінің арасындағы түсініспеушіліктерді азайтады және олардың арасындағы байланысты нығайтады. Бұл аспект студенттерге келешекте отбасы мүшелерімен әртүрлі жағдайларды шешуде тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

- *отбасы мүшелерінің ортақ мүдделерін түсіну*; Студенттерге отбасындағы әрбір мүшенің жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсіну, құрметтеу және өзара ынтымақтастықта болу дағдыларын дамыту маңызды. Ортақ мүдделер мен мақсаттарды түсініп, оларды жүзеге асыруға ұмтылу – тұрақты және үйлесімді отбасылық ұатынастардың негізі болып табылады.

- *отбасылық-некелік қатынастар жөнінде білімін жетілдіру*. Студенттердің отбасылық және неке қатынастары туралы білімдерін жетілдіру, отбасы институтының мәнін түсіну, некенің жауапкершілігі мен міндеттерін білу олардың отбасылық өмірін саналы түрде жоспарлауына, дұрыс шешімдер қабылдауына септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда педагогикалық әдстер мен ұйымдастыру жұмысының маңызы өте зор. Бұл үдерістің тиімді жүзеге асуы үшін университеттер мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, арнайы түсіндірме сабақтар енгізу және студенттердің құндылықтық бағдарларын дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру маңызды. Себебі, мұндай шаралар студенттердің саналы түрде отбасы институтына деген құрметін арттырады және өмірлік маңызды дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Аталған шаралар болашақ ұрпақтың саналы, жауапкершілігі жоғары және үйлесімді тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, қоғамның жалпы дамуында маңызды рөл атқарады. Отбасылық құндылықтарды белсенді түрде қалыптастыру – бұл қоғамның моральдық негіздерін, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға зор үлес қосады.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда педагогикалық әдістердің маңыздылығын көрсетті. Жоғары оқу орындары мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, арнайы бағдарламалар енгізу және студенттердің құндылықтық бағдарларын дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру ұсынылды. Бұл болашақ ұрпақтың саналы, жауапты және үйлесімді тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, 03.05.2022 №118-ҮІІ қайта өңделгені
2. Нишанбаева С.З. «Отбасылық құндылықтар» ұғымының сипаттамасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Педагогика ғылымдары сериясы, -Алматы, - 2017. - №1 (53). – Б.52-56
https://kaznpu.kz/docs/vestnik/seriya_ped_nauki/1.2017_Pedagogical_Sciences-ilovepdf-compressed.pdf
3. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. – М.: Просвещение, 1991. -157с.
4. Кон И.С. Социология личности. - М., 1967. – 383 с.
5. Гранкин А. Ю. Развитие теории семейного воспитания в России (1917 - 1991) Автореф. дис. на соиск. учен. степ. д.п.н., Спец. (13.00.01) / Гранкин А.Ю.; [Пятигор. гос. лингвист. ун-т]. — Пятигорск 2003. — 43 с.;
6. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теории, методологии и методики/Отв. ред. Г.С.Батыгин. – М.: Наука, 1989. -116с.
7. Орлов А.Б. Монография «Психология личности и сущности человека: парадигмы, проекции, практики» (М., 1996, М., 2002, 2-е изд.)
8. Соловьева Н.Я. Брак и семья сегодня. - Вильнюс, 1997. -164 с.
9. Наседкина Е. И. Дифференцированный подход в работе по повышению педагогической культуры родителей. Диссертация на соискание кандидата педагогических наук (13.00.01). Москва, 1999.
10. Антонов А.И. Семейный образ жизни в современной России: монография. – М.: Ключ-С, 2006. -236с.
11. Харчев А.Г. Брак и семья в СССР. – М.: Мысль, 1989. - 365с.
12. Горбунова Е.В. Формирование ценности семьи у студенческой молодежи. Дисс. канд. пед. наук. – М., 2011. – 189с.
13. Ерасов Б.С. Социальная культурология: Учебник для студентов высших учебных заведений. - 3-е изд. доп. и перераб. - М.: Аспект Пресс, 2016. - 591 с
14. Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энц. баспасы. 2006. - 525
15. Арғынбаев Х.А. Қазақстан отбасы және неке: тарих ғ.д., автореф. дисс. - Алма-Ата, 1975. -130 б
16. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - А.: Жалын, 1985. – 276 б.
17. Абишев К.А. О понятии «ценность» //Вопросы философии. – 2020. - №3. –С. 139-146.
18. Абишев К.А. «Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» дисс. пед. ғыл. канд. – 2009. - 121 б.
19. Методика М.Рокича «Ценностные ориентации» <https://dip-psi.ru/psikhologicheskiye-testy/post/metodika-m-rokicha-tsennostnyye-orientatsii>

References:

1. Neke (erli-zaiptylyq) және otbasy turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2011 jylǵy 26 jeltoqsandaǵy № 518-IV Kodeksi, 03.05.2022 №118-YII qaita öñdelgeni
2. Nişanbaeva S.Z. «Otbasylyq qūndylyqtar» űǵymynyñ sipattamasy // Abai atyndaǵy QazǰPUnıñ Habarşysy, Pedagogika ǵylymdary seriesy, -Almaty, - 2017. - №1 (53). – B.52-56 https://kaznpu.kz/docs/vestnik/seriya_ped_nauki/1.2017_Pedagogical_Sciences-ilovepdf-compressed.pdf
3. Grebennikov İ.V. Osnovy semeinoi jizni. – M.: Prosveşenie, 1991. -157s.
4. Kon İ.S. Sosiologia lichnosti. - M., 1967. – 383 s.
5. Grankin A. İu. Razvitie teorii semeinogo vospitania v Rosii (1917 - 1991) Avtoref. dis. na soisk. uchen. step. d.p.n., Spes. (13.00.01) / Grankin A.İu.; [Pätigor. gos. lingvis. un-t]. — Pätigorsk 2003. — 43 s.
6. Maskovski M.S. Sosiologia semi. Problemy teorii, metodologii i metodiki/Otv. red. G.S.Batygin. – M.: Nauka, 1989. - 116s.
7. Orlov A.B. Monografiya «Psihologia lichnosti i suşnosti cheloveka: paradigmy, proeksii, praktiki» (M., 1996, M., 2002, 2-e izd.)
8. Soloveva N.İa. Brak i semä segodnä. - Vilñüs, 1997. -164 s.
9. Nasedkina E. İ. Diferensirovannyi podhod v rabote po povyšeniū pedagogicheskoi kűltury roditelei. Disertasiya na soiskanie kandidata pedagogicheskikh nauk (13.00.01). Moskva, 1999.
10. Antonov A.İ. Semeinyi obraz jizni v sovremennoi Rosii: monografiya. – M.: Klűch-S, 2006. -236s.
11. Harchev A.G. Brak i semä v SSSR. – M.: Mysl, 1989. -365s.
12. Gorbunova E.V. Formirovanie senosti semi u studencheskoi molodeji. Diss. kand. ped. nauk. – M., 2011. – 189s.
13. Erasov B.S. Sosiálnaia kűlturologia: Uchebnik dlä studentov vyssih uchebnyh zavedeni. - 3-e izd. dop. i pererab. - M.: Aspekt Pres, 2016. - 591 s
14. Filofofiyalıq sözdik. Redkol: R. N. Nűrǵaliev. Almaty: Qazaq ens. baspasy. 2006. - 525
15. Arǵynbaev H.A. Qazaqstan otbasy jäne neke: tarih ğ.d. avtoref. diss. - Alma-Ata, 1975. -130 b
16. Qoianbaev J., Qoianbaev R.M. Pedagogika. - A.: Jalyn, 1985. – 276 b.
17. Abişev K.A. O ponätii «senöst» // Voprosy filosofii. – 2020. - №3. –S. 139-146.
18. Abişev K.A. «Joǵary oqu oryndarynyñ oqu-tärbie űderisinde studentterdiñ űltyq ruhani-adamgerşilik qūndylyqtaryn qalyptastyru» diss. ped. ğyl. kand. – 2009. - 121 b.
19. Metodika M.Rokicha «Senostnye orientasii» <https://dip-psi.ru/psikhologicheskiye-testy/post/metodika-m-rokicha-tsennostnyye-oriyentatsii>